

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Хорватия Республикасы Үкіметінің арасындағы Сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге қатысушы болмау ниеті туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 17 сәуірдегі № 249 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен Хорватия Республикасының Үкіметін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 19 сәуірде Астанада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Хорватия Республикасы Үкіметінің арасындағы Сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге қатысушы болмау ниеті туралы хабардар етсін.

2. "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Хорватия Республикасы Үкіметінің арасындағы Сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 ақпандағы № 175 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин